

Дарынды жасөспірімдерге арналған Ақтөбе облыстық мамандандырылған
«Білім - инновация» лицей - интернаты

Педагогикалық кеңесте каралды:

26 / 08 / 2024 жылы
№ 1 хаттама

Тексерілді:

Директордың тәрбие ісі орынбасары
Бакиқызы А. Бер

5 / 09 / 2024 жылы



БЕКІТЕМІН:
Лицей директоры
Омаров Б.Ш.
5 / 09 / 2024 жылы

“Домбыра өнері” үйірме жоспары

Сыныптар: 8А, 8Ә
Мұғалімі: Төлемісов Б.Е.

2024 - 2025 оқу жылы ТҮСІНІК ХАТ

Домбыра – қазақ халқының ең қадірлі әрі қасиетті музыкалық аспабы. Оның тарихы тереңге бойлап, бірнеше ғасырлардан бері келе жатқан мәдени мұра. Домбыра – халықтың рухани байлығының айнасы, қазақтың жан дүниесін бейнелейтін аспап. Домбыра арқылы өткен дәуірдің шежіресін, халықтың салт-дәстүрін, қасіреті мен қуанышын жеткізуге болады. Домбыраның қос ішегі, екі саусағы ғана болса да, одан шығатын күйдің шексіздігі таңқалдырады. Қазақтың ұлы күйшілері – Құрманғазы, Дина, Тәттімбет секілді өнер иелері осы аспаптың арқасында елдің жүрегіне жол тапты. Күй – тек музыка ғана емес, ол халықтың мәдениетін сақтаудың бір жолы. Қазіргі заманда да бұл аспаптың маңызы жеткізетін өнер. Домбыра тарту – тек өнер емес, ол халықтың мәдениетін сақтаудың бір жолы. Қазіргі заманда да бұл аспаптың маңызы жоғары, өйткені ол ұлттық болмысымызды ұмытпауға, рухани тамырларымызға қайта оралуға шақырады. Домбыра үйірмесі қатысушыларға тек музыкалық білім беріп қана қоймай, ұлттық өнердің терең мәнін ұғынып, қазақ халқының мәдениетіне жақындауға мүмкіндік береді.

Үйірмесінің мақсаттары:

- Күй өнерін меңгеру: Қазақтың дәстүрлі күйлерін үйрету арқылы қатысушылардың музыкалық қабілеттерін дамыту. Үйірме барысында Құрманғазы, Тәттімбет, Дина және басқа да күйшілердің шығармаларын орындауға машықтандыру.
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу: Қатысушылардың қазақ халқының мәдениеті мен тарихына деген қызығушылығын оятып, ұлттық құндылықтарды бойларына сіңіру. Домбыра арқылы халықтың рухани мұрасын жаңғырту.
- Шығармашылықты дамыту: Домбыра ойнау арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін шыңдау, өнерге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру.
- Өнерпаздықты қолдау: Үйірмеде домбыра ойнауда ерекше көзге түскен талантты балаларды әрі қарай қолдап, өнер байқауларына, концерттерге қатысуға мүмкіндік беру.

Үйірменің міндеттері:

- Музыкалық білім беру: Қатысушыларды домбыра тартудың негізгі техникаларына үйретіп, музыкалық сауаттылығын арттыру.
- Күй шығармашылығын меңгерту: Қазақ күйшілерінің танымал шығармаларын үйрету және оларды орындау дағдыларын қалыптастыру.
- Дамыту жаттығуларын ұйымдастыру: Саусақ икемділігін арттыратын және музыкалық есту қабілетін дамытатын арнайы жаттығуларды жүйелі түрде өткізу.
- Ұлттық құндылықтарды насихаттау: Домбыра үйрену арқылы ұлттық мәдениет пен өнерге деген құрметті дамыту, қазақтың ұлттық дәстүрлерін сақтап, келесі ұрпаққа жеткізуге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

- Домбыра тарту дағдыларының қалыптасуы: Қатысушылар домбырада еркін ойнай алады, аспаптың құрылымы мен қағыстарын жақсы меңгереді.
- Күй өнерін терең түсіну: Қазақтың дәстүрлі күйлерін орындап, олардың мазмұны мен тарихи маңызын түсінеді. Құрманғазы, Тәттімбет сияқты күйшілердің шығармаларын тартып үйренеді.
- Шығармашылық қабілеттердің дамуы: Қатысушылардың музыкалық есту, ритм сезімі, шығармашылық ойлау қабілеттері артады. Олар өздерінің өнер жолында жана биіктерді бағындыруға ынталанады.

- Ұлттық мәдениетті бағалау: Қатысушылар ұлттық өнердің маңыздылығын ұғынып, қазақ мәдениетіне деген құрмет пен мақтаныш сезімін бойларына сіңіреді.

Р/С	Өтілетін тақырыбы	Сағат саны	8А	8Ә
1	Домбыраның құрылысы, оның бөліктері, бұрауын келтіру мен домбырашының отырысы, аспап ұстау позициялары	1	04.09.2024	05.09.2024
2	Халық әндеріне шолу. «Күміс құман-ай» әнін үйрену	2	11.09.2024 18.09.2024	12.09.2024 19.09.2024
3	Нәзік сезім мен табиғатқа арналған ән - «Гәккү»	2	25.09.2024 02.10.2024	26.09.2024 03.10.2024
4	Қазақ халқының кәсіреті мен азаттыққа деген арманын бейнелейтін зарлы ән - «Елім-ай»	2	09.10.2024 16.10.2024	10.10.2024 17.10.2024
5	Нұрғиса Тілендиевтің әні "Құстар қайтып барады"	2	23.10.2024 06.11.2024	24.10.2024 07.11.2024
6	Домбыра және оның түрлері. Үйренген шығармаларды орындап қайталау	2	13.11.2024 20.11.2024	14.11.2024 21.11.2024
7	«Балбырауын» күйінің 1-буынын үйрену	4	27.11.2024 04.12.2024 11.12.2024 18.12.2024	28.11.2024 03.12.2024 12.12.2024 19.12.2024
8	«Балбырауын» күйінің 2-буынын үйрену	4	25.12.2024 15.01.2025 22.01.2025 29.01.2025	26.12.2024 16.01.2025 23.01.2025 30.01.2025
9	«Балбырауын» күйінің сағасын үйрену, толық күйді орындау	3	05.02.2025 12.02.2025 19.02.2025	06.02.2025 13.02.2025 20.02.2025
10	«Адай» күйінің 1-буынын үйрену	4	26.02.2025 05.03.2025 12.03.2025 19.03.2025	27.02.2025 06.03.2025 13.03.2025 20.03.2025

11	«Адай» күйінің 2-буынын үйрену	4	02.04.2025 09.04.2025 16.04.2025 23.04.2025	03.04.2025 10.04.2025 17.04.2025 24.04.2025
12	«Адай» күйінің сағасын үйрену, толық күйді орындау	3	30.04.2025 14.05.2025 14.05.2025	01.05.2025 08.05.2025 14.05.2025
13	Үйренген әндер мен күйлерді қайталап, концертке дайындау сабақ	1	21.05.2025	22.05.2025
		34		